

27-тармақтың сақталуы туралы

(Мектепке дейінгі ұйымдар жанынан мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету мақсатында консультациялық пункттер құру бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларына сәйкес, ата-аналардың қажеттіліктерін ескере отырып)

«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Арқалық қаласы білім бөлімінің Б.Майлин атындағы №3 жалпы білім беретін мектебі»КММ «Балапан» консультациялық пункті

Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жөніндегі консультациялық пункт

Кіріспе:

Отбасы — баланың тұлғааралық қатынастарды қалыптастырудағы алғашқы орта және үлгі. Ата-аналар — еліктеу үлгісі. Адам тұлғасының қалыптасу заңдылықтары дәл осы институтта айқын көрініс табады. Балалардың мінез-құлықтық мәселелерінің артында ересектердің дүниетанымы, ұстанымдары, мінез-құлық үлгілері тұрады. Баланың мәселесін оны қоршаған әлеуметтік орта мен жағдайды ескермей шешу мүмкін емес. Ата-аналар мен педагогтердің шынайы қызығушылығы — баланың дамуына оң әсер ететін ата-ана-бала қарым-қатынасын қалыптастырудың негізгі шарты.

Ата-аналармен жұмыс жүргізудің тиімді, дәстүрден тыс нысандарының бірі — консультациялық пункт.

Консультациялық пункттің мақсаттары:

- Отбасылық және қоғамдық тәрбиенің сабақтастығын қамтамасыз ету;
- Үйде тәрбиеленіп жатқан мектепке дейінгі жастағы балалар мен олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) білікті педагогикалық көмек көрсету;
- Баланың жан-жақты дамуына қолдау көрсету.

Консультациялық пункттің міндеттері:

1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымына бармайтын балаларға мектепке тең дәрежеде бастауыш білімге дайындалу мүмкіндігін беру үшін жан-жақты көмек көрсету.
2. Мектепке дейінгі жастағы баланы тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға (заңды өкілдерге) кеңес беру.
3. Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балаларды әлеуметтендіруге жәрдемдесу.
4. Баланың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуындағы ауытқулардың алдын алу.

Қызмет қағидаттары:

- **Құпиялылық қағидаты:** баланың және оның отбасының ерекшеліктері туралы ақпарат ата-аналардың келісімінсіз жарияланбайды.
- **Кешенділік қағидаты:** бала және оның отбасымен жұмыс әртүрлі салалардағы мамандар тобымен жүргізіледі.
- **Ғылыми негізділік қағидаты:** берілетін ақпарат ғылыми дәлелдерге негізделген және сенімді болуы тиіс.

- **Қолжетімділік қағидаты:** ата-аналарға берілетін ақпарат жеңіл, түсінікті тілде ұсынылады, күрделі терминдерден аулақ болу керек.

Консультациялық пункттің ұйымдастырылуы:

- Консультациялық пункт мектеп базасында, мектеп директорының бұйрығымен, санитарлық-гигиеналық, эпидемияға қарсы, өрт қауіпсіздігі талаптары сақталған жағдайда, қажетті кадрлық және әдістемелік қамтамасыз ету негізінде ашылады.
- Консультациялық пункт бекітілген жұмыс кестесі бойынша жұмыс істейді (мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі).
- Жұмысты педагог-психолог, әлеуметтік педагог және штаттық кестеге сәйкес тәрбиешілер жүргізеді.
- Консультациялық пункт мамандарының жұмыс режимін мектеп директоры мектеп жанындағы мини-орталықтың жұмыс режиміне сәйкес белгілейді.
- Ата-аналармен топтық кездесулер — айына 1 рет, ал жеке кеңес беру — ата-аналардың (занды өкілдердің) сұранысына қарай.
- Жаттығу тақырыптары мини-орталық тәрбиешілерімен жасалады және ата-аналар сұранысына қарай өзгеруі мүмкін.
- Балалармен сабақ ұзақтығы — баланың жасына және жеке ерекшеліктеріне қарай, бірақ 20 минуттан аспауы тиіс.
- Ата-аналарды кеңес беру ұзақтығы — 30 минуттан аспайды.

Негізгі мазмұны:

- Психологиялық-педагогикалық көмек көрсету мектеп педагогтарының (тәрбиешілер, педагог-психолог, әлеуметтік педагог) интеграцияланған қызметіне негізделеді;
- Ата-аналарға кеңес беру бір немесе бірнеше маман тарапынан жүргізілуі мүмкін;
- Қатысатын мамандар саны мектептің штаттық кестесіне байланысты анықталады;
- Консультациялық пункт аясында лекциялар, кеңестер, теориялық және практикалық семинарлар, балаларды диагностикалық тексерулер өткізіледі;
- Ата-аналардан (занды өкілдерден) қызмет үшін төлем алынбайды.

Қызмет бағыттары:

- Кеңес беру және құқықтық қолдау
- Психологиялық-педагогикалық қолдау
- Көркем-эстетикалық даму
- Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары

Жұмыс түрлері (формалары):

- Жеке, шағын топпен, топтық түрде жұмыс;
- Дөңгелек үстелдер;
- Кеңестер мен консультациялар;
- Мастер-кластар;
- Ата-аналармен тренингтер;
- Балалармен ойындар мен сабақтар;
- Бірлескен мерекелер мен көңілді іс-шаралар.

Мектеп директоры  Н.Ахатов

